

Дәрілік заттарды қосымша беру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы VI сессиясының № 143 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 4068 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 34 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 25.02.2021 № 34 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Қарағанды облысының мәслихаты, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік заттар тегін берілетін азаматтардың жекелеген санаттарына қосымша: диагнозы бар азаматтарға дәрілік заттар (рецепт бойынша) беріледі:

"Муковисцидоз" - "Тобрамицин" дәрілік заты;

"Жүйелі склеродермия" - "Метилпреднизолон" дәрілік заты;

"Бехчета ауруы" - "Азатиоприн" дәрілік заты;

"Жүйелі қызыл жегі" - "Белимумаб" дәрілік заты;

"Аяқ артерияларының облитерациялайтын атеросклерозы" - "Ривароксабан" дәрілік заты;

"Жүрекшелердің созылмалы фибрилляциясы (жыпылықтайтын аритмия)" - "Ривароксабан" дәрілік құралы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 02.07.2020 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың халықты әлеуметтік-мәдени дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (С.М. Адекенов).

3. Шешім ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Г. Прокоп

*Облыстық мәслихат
хатшысы*

Р. Әбдікерем

